

Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 449 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!

Өзгертулер қабылданған - ҚР Үкіметінің N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне(Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімін 2002 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде бекітсін және оны Қазақстан Республикасының ресми жариялау құқығы бар баспа басылымдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

4. "Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 тамыздағы N 1034 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 29, 366-құжат) 1-3-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 18 сәуірдегі
N 449 қаулысымен
бекітілген

Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылуға рұқсат етілген фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы - тауарлар сату мен қызметтер көрсету кезінде тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуды тіркеу үшін пайдаланылатын, ақпараттың түзетілмейтін ауысым сайынғы тіркелуін және энергияға тәуелсіз ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін, фискальдық жад блогы бар электронды құрылғы және/немесе банктік компьютерлік жүйе (б ұ д а н ә р і - М а ш и н а) ;

2) фискальдық жадқа ену кілті - қолдану фискальдық режимді орнатуды қамтамасыз ететін кілт;

3) бақылау чегі - басу кезінде Машинаның фискальдық жадында көрсеткіштер өзгерісі болатын чек;

4) бақылау таспасы - ауысым ішінде орындалған барлық сатып алу және сату туралы ақпарат басылып қалатын таспа;

5) салық төлеушінің жауапты адамы - салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұратын, Машинаның көмегімен тұтынушылармен есеп айырысуды жүзеге асыратын және оның жұмысына жауап беретін адам;

6) фискальдық белгі - Машинаның фискальдық режимдегі жұмысын растайтын бақылау чектерінде болатын айрықша нышан;

7) фискальдық режим - Машинаның фискальдық жадта ақпараттың түзетілмейтін ауысым сайынғы тіркелуін және энергияға тәуелсіз ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін жұмыс істеу режимі;

8) фискальдық есеп беру - белгілі бір кезең үшін Машинаның фискальдық жадындағы көрсеткіштердің өзгеруі туралы есеп.

2. Машинаны салық органдарында тіркеу және есептен шығару

3. Машинаны қолдану басталғанға дейін қызметті жүзеге асыру орны бойынша оны Салық кодексіне сәйкес салық органдарында тіркеу жүргізіледі. Машинаны тіркеу Машиналарды тіркеу журналына Машина мен салық төлеуші

туралы мәліметтерді енгізе отырып салық органына есепке қоюды және фискальдық жады бар бақылау-касса машинасын тіркеу карточкасын (бұдан әрі - Карточка) беруді білдіреді.

4. Машинаны тіркеуді салық төлеуші осы Ережеге 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған өтінішті, салық төлеуші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берген кезден бастап екі жұмыс күні ішінде салық органы жүзеге асырады.

5. Үлгілері Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) енгізілген техникалық ақаусыз Машиналар тіркеуге жатады.

6. Машинаны тіркеу Машинаға тіркеу нөмірі беріліп және Машинаны пайдаланудың барлық мерзімі ішінде салық төлеушіде сақталатын Карточкада Машинаны тіркеу нәтижелері ресімделіп жүргізіледі және салық органдарының талап етуі бойынша көрсетіледі. Карточка осы Ережеге 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалады.

7. Машинаны (банктік компьютерлік жүйелерді қоспағанда) тіркеу кезінде салық төлеуші салық органдарына мыналарды ұсынады:

1) Машина;

2) нөмірленген, тігілген, салық төлеушінің қолымен және/немесе мөрімен бекітілген:

осы Ережеге 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған Машина арқылы өткізілген қолма-қол ақша есебінің кітабы (бұдан әрі - Қолма-қол ақша есебінің кітабы);

осы Ережеге 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған Машинаны қолданбай тұтынушылармен есеп айырысу кезіндегі тауар чектерінің кітабы (бұдан әрі - Тауар чектерінің кітабы);

3) Машинаны дайындаушы зауыттың паспорты.

Банктік компьютерлік жүйелерді (бұдан әрі - БКЖ) тіркеу кезінде салық төлеуші салық органына БКЖ-ны жасаушы ұйым әзірлеген БКЖ-ның қызметтік мүмкіндіктері мен сипаттамасының қысқаша баяны беріледі.

8. Салық органының лауазымды адамы Машинаны тіркеу кезінде:

1) өтініште көрсетілген мәліметтердің Машинаны тіркеу көрсетілген және берілген құжаттарға сәйкестігін тексереді;

2) Машинаның таңба тақташасында бейнеленген зауыттық нөмірін дайындаушы зауыттың паспортында көрсетілген Машинаның нөмірімен салыстырады;

3) Қолма-қол ақша есебінің кітабын және Тауар чектерінің кітабын

ресімдеудің дұрыстығын тексереді;

4) Машина жұмысының фискальдық режимін белгілейді;

5) Машинаны пломбалайды;

6) Машиналарды тіркеу журналына салық төлеуші мен Машина туралы мәліметтерді енгізеді;

7) Карточканы ресімдейді;

8) Қолма-қол ақша есебінің кітабын, Тауар чектерінің кітабын өз қолымен, салық органы басшысының қолымен және салық органының мөрімен растайды;

9) салық төлеушіге мыналарды қайтарады:
жұмысының фискальдық режимі белгіленіп пломбаланған Машина;
расталған Қолма-қол ақша есебінің кітабы, Тауар чектерінің кітабы;

Машинаны дайындаушы зауыттың паспорты;

10) салық төлеушіге Карточканы береді.

9. Машинаны тіркеуге өтініштің 11-тармағында, егер мұндай өзгеріс Машинаны басқа салық органында тіркеу қажеттілігіне әкеп соқпаса, сондай-ақ Машинаны тіркеуге өтініштің 1, 12-тармақтарында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде, салық төлеуші өзгерістер болған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде Машина тіркелген салық органына осы Ережеге 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған өтінішті беруге міндетті. Өтініште өзгерген мәліметтер көрсетіледі. Бұл ретте салық төлеуші Карточканы салық органына тапсырады.

10. Бұрын берілген өтініштің 1-тармағында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде салық төлеуші салық органына Машинаны (БКЖ-ны қоспай) береді.

11. Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда салық органының лауазымды адамы:

1) Карточканы жабу туралы белгіні Карточкаға жасайды;

2) жабылған Карточканың орнына өзгерістерді ескере отырып Карточканы ресімдейді. Өзгерістер ескерілген Карточканың нөмірі жабылған Карточканың нөмірінен және Машиналарды тіркеу журналында өзгерістер ескеріле отырып Карточка тіркелген нөмірден тұрады. Көрсетілген нөмірлер таяқша сызықпен бөлшектеледі;

3) салық төлеушіге жабылған Карточканы қайтарады және салық төлеушіге өзгерістер ескерілген Карточканы береді.

12. Машина осы Ережеге 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған салық төлеушінің өтініші бойынша мынадай реттерде салық органында есептен шығарылуға жатады:

1) Машинаны тіркеуге өтініштің 11-тармағында көрсетілген мәліметтер өзгерген, егер мұндай өзгеріс Машинаны басқа салық органында тіркеу қажеттілігіне әкеп соғатын болса, сондай-ақ Машинаны тіркеуге өтініштің 2-

тармағында көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайларда;

2) Машинаның техникалық ақаулығына байланысты оны одан әрі қолдану мүмкін болмаған жағдайларда;

3) салық төлеуші таратылған жағдайда;

4) Машинаны Мемлекеттік тізілімнен шығарған жағдайда;

5) Машинаны ауыстырған жағдайда.

13. Машинаны есептен шығару үшін салық төлеуші салық органына мыналарды ұсынады:

1) пломбаланған Машина (БКЖ-ны қоспай);

2) есепке қою кезінде берілген:

Қолма-қол ақша есебінің кітабы;

Тауар чектерінің кітабы;

3) Карточка.

14. Салық органының лауазымды адамы салық төлеуші өтініш берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Машинаны есептен шығаруды жүргізеді ол үшін:

1) осы салық органында алдыңғы фискальдық есепті алу кезінен бастап Машинаны есептен шығару кезіне дейінгі кезең үшін фискальдық есепті алуды жүргізеді;

2) Қолма-қол ақша есебі кітабының деректерін Тауар чектері кітабының және фискальдық есеп көрсеткіштерінің деректерімен өзара салыстыра тексереді;

3) Қолма-қол ақша есебінің кітабын және Тауар чектерінің кітабын жабады және оларда Машинаны есептен шығару туралы белгі қояды;

4) салық төлеушіге Машинаны, Қолма-қол ақша есебінің кітабын және Тауар чектерінің кітабын қайтарады;

5) Карточканы жабу туралы белгіні Карточкаға қояды;

6) салық төлеушіге Карточканы қайтарады.

15. Фискальдық режимді орнату немесе фискальдық есепті алу үшін салық төлеуші техникалық ақаусыз Машинаны береді. Фискальдық жадқа ену кілттерін қолдана отырып фискальдық режимді орнатқаннан кейін фискальдық жадқа ену кілттері Машинаны тіркеуді жүзеге асырған салық органында сақталады.

3. Машинаны пайдалану

16. Салық төлеуші техникалық қызмет көрсетуге Машинаны қояды.

17. Салық төлеушінің жауапты адамы осы Машинаны пайдалану жөніндегі басшылыққа сәйкес тауар (жұмыстар, қызметтер көрсету) құнын енгізу операциясын жүзеге асырады.

18. Салық төлеушінің жауапты адамы күн сайын ауысым соңында Машинаның үлгісін дайындаушының техникалық талаптарына сәйкес "ауысым

соңы" рәсімін орындайды және Қолма-қол ақша есебінің кітабын толтырады. Машина арқылы өткізілген қолма-қол ақшаны әрбір беру кезінде (қайтарып беретін соманы бергеннен және ақша айырбастаудан басқа) салық төлеушінің жауапты адамы жүргізілген беру туралы Қолма-қол ақша есебінің кітабында ж а з б а ж а с а й д ы .

19. Бақылау чегінде мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) салық төлеушінің атауы;
 - 2) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 3) Машинаның зауыттық нөмірі;
 - 4) Машинаның тіркеу нөмірі;
 - 5) чектің реттік нөмірі;
- б) тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатып алу күні мен уақыты ;
- 7) тауардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағасы және/немесе сатып а л у с о м а с ы ;
- 8) ф и с к а л ь д ы қ б е л г і .

20. Қосылған құнға салық көрсетілетін бақылау чегі мынадай ақпаратты қ а м т у ы т и і с :

қосылған құнға салық бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы мен н ө м і р і ;

тауардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) атауы;

қосылған құнға салықтың сомасы.

БКЖ бақылау чегінің нысаны мен мазмұнын уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

21. Бақылау чегінде және бақылау таспаларында Машинаға техникалық талаптармен көзделген қосымша басқа да деректер болуы мүмкін.

22. Салық төлеушінің жауапты адамы ауысым ішінде соманы енгізу және чекті өтеу мүмкін болмаған кезде қате енгізілген сомаға тиісті чекті мөрмен " жою" рәсімін орындайды. Ауысым соңында "жою" чегін қоса отырып, соманы ж о ю т у р а л ы а к т ж а с а л а д ы .

23. Тұтынушыға сапасы нашар тауар (жұмыстар, қызметтер көрсету) үшін ақшаны қайтару (ішінара немесе толықтай) кезінде салық төлеушінің жауапты адамы пайдаланылмаған бақылау чектері бойынша осы Ережеге 6-қосымшада белгіленген нысанда тұтынушыға ақша сомасын қайтару туралы актіні жасайды және ресімдейді, оларды өтейді, қағаз параққа желімдейді және актімен бірге бухгалтерияға немесе жеке кәсіпкерге тапсырады. Тұтынушыларға қайтарымдар бойынша төленген соманы Қолма-қол ақша есебінің кітабына жазады.

24. Машинаның техникалық ақаулығы жағдайында салық төлеуші ақаулық пайда болған кезден бастап үш күн мерзімде Машина тіркелген салық органына

жөндеу жүргізу мерзімін және ақаулық себебін, ақау болған күн басында
Машина есептегішінің сомалық көрсеткіштерін көрсете отырып, еркін нысанда
өтініш береді. Өтініш хабарламамен бірге тапсырыс хатпен почта арқылы
ж і б е р і л у і м ү м к і н .

Салық төлеуші Тауар чектерінің кітабын толық толтырған жағдайда еркін
нысанда өтініш береді және нөмірленген, тігілген, қолымен және/немесе мөрімен
бекітілген Тауар чектерінің кітабын ұсынады. Салық органының лауазымды
адамы Машиналарды тіркеу журналында Тауар чектерінің кітабын беру туралы
м ә л і м е т т і е н г і з е д і .

25. Машина мына жағдайларда ақаулы деп саналады, егер:

1) баспаса, анық баспаса немесе бақылау чегіндегі деректемелер толық
б а с ы л м а с а ;

2) салық органдарының бақылауды жүзеге асыруы үшін қажетті фискальдық
жады бар деректерді алуға мүмкіндік бермесе;

3) онда бақылау немесе чек таспалары жоқ болса;

4) салық органының пломбасы жоқ болса немесе бүлінсе;

5) дайындаушы зауыттың таңбасы жоқ болса.

26. Фискальдық есепті салық органының лауазымды адамы Машинадан
мынадай жағдайларда алады:

1) салық органдарының салықтық тексерістер жүргізуі;

2) фискальдық жадтың блогын ауыстыру;

3) Машинаны есептен шығару;

4) жөндеу фискальдық жадқа ену үшін пароль енгізуді талап ететін жағдайда
Машинаны жөндеуді жүзеге асыру;

5) Қолма-қол ақша есебі кітабының жоғалуы;

6) осы Ереже 19-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген
м ә л і м е т т е р д і ң өзгеруі;

7) қосылған құнға салық бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы мен
нөмірі туралы мәліметтердің өзгеруі.

Бұл ретте, осы Ережеге 7-қосымшада белгіленген нысан бойынша фискальдық
есептердің жиынтық деректерін көрсете отырып, фискальдық есепті алу
жасалады.

Фискальдық жады бар бақылау-касса

машиналарын қолдану

ережесіне

1-қосымша

**Фискальдық жады бар бақылау-касса машинасын тіркеуге
ӨТІНІШ**

--

1. Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы _____
- -

2. СТН _____

3. Мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік:
3.1. сериясы _____ 3.2. нөмірі _____ 3.3. салық органының коды _____
3.4. берілген күні _____ 3.5. қолданылу мерзімі (егер қолданылу мерзімі шектелген болса, толтырылады) _____

4. Қосылған құнға салық бойынша есепке қойылғаны туралы куәлік (егер мәлімет бақылау чегінде көрсетілсе, толтырылады):
4.1. сериясы _____ 4.2. нөмірі _____ 4.3. берілген күні _____ 4.4. салық органының коды _____

5. Өтініш беру себебі (тиісті тор көзде| X |көрсетіңіз):

5.1. есепке қою кезінде фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы туралы мәліметтерді тіркеу _____

5.2. бұрын берілген өтініште көрсетілген мәліметтердің өзгеруі|_____|

6. Бақылау-касса машинасының маркасы (БКЖ атауы) _____

7. Зауыттық нөмірі _____ 8. Шыққан жылы _____

9. Паспорт нөмірі _____ 10. Дайындаушы фирма (БКЖ әзірлеуші) _____

11. Бақылау-касса машинасының орналасқан орны:
11.1. облысы _____ 11.2. қала _____
11.3. ауданы _____ 11.4. көше _____
11.5. үй _____ 11.6. пәтер _____

12. Қызмет түрі _____

13. Өтініште қоса беріледі (тиісті тор көзде| X |көрсетіңіз):

13.1. қолма-қол ақша есебінің кітабы _____ |__| Парақ саны|__|
13.2. тауар чектерінің кітабы _____ |__| Парақ саны|__|
13.3. бақылау-касса машинасының паспорты _____ |__|

13.4. БКЖ жасаушы ұйым әзірлеген БКЖ қызметтік _____ |
мүмкіндіктері мен сипаттамаларын қысқаша баяндау|_____

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Маған менің құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді және мен Заң алдында осы өтініште келтірілген мәліметтердің растығы мен толықтығы үшін жауап беремін. Өтініште көрсетілген деректер өзгерген жағдайларда салық органына уақтылы ақпарат беріп отыруға міндеттенемін.

_____ (қолы)
Аты-жөні немесе уәкілетті адам
Өтініш берілген күн 200_жылғы "___" _____

_____ (қолы)
Өтінішті қабылдаған лауазымды адамның аты-жөні
Өтінішті қабылдаған күн 200_жылғы "___" _____

_____ М.О.

Салық органының коды _____

Фискальдық жады бар бақылау-касса
машиналарын қолдану ережесіне
2-қосымша

**№ _____ фискальдық жады бар бақылау-касса машинасын
ТІРКЕУ КАРТОЧКАСЫ**

1. Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы _____

2. СТН _____

3. Бақылау-касса машинасының маркасы (БКЖ атауы) _____

4. Зауыттық нөмірі _____ 5. Паспорт нөмірі _____

6. Дайындаушы фирма (БКЖ әзірлеуші) _____ 7. Шыққан жылы _____

8. Бақылау-касса машинасының орналасқан орны:

8.1. облысы _____ 8.2. қала _____

8.3. ауданы _____ 8.4. көше _____

8.5. үй _____ 8.6. пәтер _____

9. Қызмет түрі _____

10. Фискальдық режимді орнату сәтінде есептегіштің көрсеткіші _____

_____ (тіркеуді жүзеге асырған лауазымды адамның қызметі, (қолы)
аты-жөні

11. _____
бойынша салық комитетінің төрағасы

_____ (қолы) _____ (аты-жөні)
200__ жылғы "___" _____
М.О. Салық органының коды _____

ТІРКЕУ КАРТОЧКАСЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

12. Тіркеу карточкасының жабылу себебі (тиісті тор кезде X көрсетіңіз):

12.1. мәліметтердің өзгеруі ___ 12.2. есептен шығару ___

13. 200__ жылғы "___" _____ -200__ жылғы "___" _____ кезең үшін
фискальдық есеп алынды.

14. Фискальдық режимді орнату сәтінде есептегіштің көрсеткіші _____

_____ (фискальдық есепті алуды жүзеге асырған лауазымды (қолы)
адамның қызметі, аты-жөні)

Салық органының М.О.

_____ (аты-жөні немесе салық төлеушінің өкілі) (қолы)
15. Тіркеу карточкасының жабылған күні 200__ жылғы "___" _____

Фискальдық жады бар бақылау-касса
машиналарын қолдану ережесіне

3-қосымша

Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы _____
СТН _____

200__ жылғы _____ N_____ фискальдық жады бар бақылау-касса
м а ш и н а с ы н
тіркеу карточкасы

**Фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы арқылы
жүргізілген қолма-қол ақша есебінің**

КІТАБЫ

Күні|Күн басында|Қызметтік| Есептегіштің сомалық көрсеткіші| Чектерді |
 кассадағы | кіріс | | кайтару | қалдық | |

			күннің	бір	бір	күннің	саны	сомасы
			басында	күндік	күнгі	соңында		
			түсім	шығыс				
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	(16 бағ.- 17 бағ.)						(4 бағ.+ 5 бағ.-6 бағ.)	

! ! ! ! ! ! ! !

Қате төлем.|Күн ішіндегі |Беріл. |Күннің соңында|Күннің соңында
 дер туралы | қызметтік |ген | касса сомасы |кассадан |Жауапты
 деректер | шығыстар |тауар | |тапсырылған|адамның
 _____|_____|чекте.| | түсімдер|қолы
 саны|сома.|уақы.|со. |ақша |рінің | | сомасы |
сы	ты	масы	алған	сомасы								
			адам.									
			н ы ң									
			қолы									

10	11	12	13	14	15	16	17	18
							(2 бағ.+3 бағ.+ 5 бағ.-6 бағ.- 9 бағ.-13 бағ.+ 15 бағ.)	

! ! ! ! ! ! ! !

Ескерту: 6-бағанды айырбастау пункттері, шыны ыдыстар, қара және түсті металдар сынығын қабылдау пункттері және ломбардтар толтырады

Фискальдық жады бар бақылау-касса
 машиналарын қолдану ережесіне

4-қосымша

СТН _____

Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы

**Фискальдық жады бар бақылау-касса машинасын қолданбай
тұтынушылармен есеп айырысу кезіндегі
тауар чектерінің кітабы**

Тауар чектерінің сериясы N _____ бастап
N _____
200__ жылғы _____ N _____ тіркеу карточкасы
С а л ы қ к о м и т е т і н і ң
М.О.

Фискальдық жады бар бақылау-касса
машиналарын қолдану ережесіне
5-қосымша

**Фискальдық жады бар бақылау-касса машинасын есептен шығаруға
ӨТІНІШ**

1. Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы _____
2. СТН _____
3. Мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік:
3.1. сериясы _____ 3.2. нөмірі _____ 3.3. салық органының коды _____
3.4. берілген күні _____ 3.5. қолданылу мерзімі (егер қолданылу
мерзімі шектелген болса,
толтырылады) _____
4. Өтініш беру себебі (тиісті тор көзде| X |көрсетіңіз):
4.1. СТН өзгеруі _____ |__|
4.2. тіркеу орнының өзгеруі _____ |__|
4.3. техникалық ақау _____ |__|
4.4. салық төлеушіні тарату _____ |__|
4.5. фискальдық жады бар машинаның Қазақстан Республикасының
аумағында пайдалануға рұқсат етілген Фискальдық жады бар
бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімінен шығарылып |__|
т а с т а л у ы
4.6. машинаны ауыстыру _____ |__|
5. Бақылау-касса машинасының маркасы (БКЖ атауы) _____
6. Зауыттық нөмірі _____ 7. Шыққан жылы _____
8. Паспорт нөмірі _____ 9. Дайындаушы фирма/БКЖ әзірлеуші/ _____
10. Бақылау-касса машинасының орналасқан орны:

10.1. облысы _____ 10.2. қала _____
10.3. ауданы _____ 10.4. көше _____
10.5. үй _____ 10.6. пәтер _____
11. Қызмет түрі _____

12. Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын тұлғаның атауы _____

13. Өтінішке қоса беріледі (тиісті тор көзде| X |көрсетіңіз):

13.1. қолма-қол ақша есебінің кітабы |__| Парақ саны |__|
13.2. тауар чектерінің кітабы |__| Парақ саны |__|
13.3. фискальдық жады бар бақылау-касса машинасын
тіркеу нөмірі |__| |__|
13.4. БКЖ жасаушы ұйым әзірлеген БКЖ қызметтік
мүмкіндіктері мен сипаттамаларын қысқаша баяндау |__| |__|

Аты-жөні немесе салық төлеушінің уәкілетті адамы _____ (қолы)
Өтініш берілген күн 200_жылғы "___" _____

Өтінішті қабылдаған лауазымды адамның аты-жөні _____ (қолы)
Өтінішті қабылдаған күн 200_жылғы "___" _____

_____ М.О.

Салық органының коды _____

Фискальдық жады бар бақылау-касса
машиналарын қолдану ережесіне

6-қосымша

Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы _____

СТН _____

**Фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының
кассасында пайдаланылмаған бақылау чектері бойынша
тұтынушыларға ақша сомасын қайтару туралы**

N _____ акт

200__ жылғы "___" _____

_____ (ж а с а у о р н ы)

Бақылау-касса машинасының зауыттық нөмірі
200__ жылғы "___" _____ N_____ тіркеу карточкасы

Актіні құрамында мынадай жауапты адамдар бар комиссия жасады:

р/с N	Чектің N	Бөлімнің атауы	Чекті берген адамның аты-жөні	Чектің сомасы	Заңды тұлға басшысының немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні
1	2	3	4	5	6

Барлығы _____ теңге _____ тиын сомаға
(с о м а ж а з б а ш а т ү р д е)

Көрсетілген сомаға кассаның түсімін кеміту қажет. Тұтынушыларға
аударылған қайтарылған бақылау чектері өтелді және актіге қоса берілді.

Қосымша: _____

Жауапты адамдардың қолдары:

_____	_____
(а т ы - ж ө н і)	(қ о л ы)
_____	_____
(а т ы - ж ө н і)	(қ о л ы)
_____	_____
(а т ы - ж ө н і)	(қ о л ы)

Т ұ т ы н у ш ы н ы ң қ о л ы :

_____ (аты-жөні) _____ (қолы)

Фискальдық жады бар бақылау-касса
машиналарын қолдану ережесіне

7-қосымша

Фискальдық есепті алу туралы

АКТ

200__ жылғы "___" _____

(жасау орны)

Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы _____

СТН _____

Бақылау-касса машинасының маркасы _____

Зауыттық нөмірі _____ Шыққан жылы _____

Бұрынғы фискальдық есеп 200__ жылғы "___" _____ алынды

Бұрынғы фискальдық есепті алған сәтте _____ есептеуіштің _____ көрсеткіші _____

Фискальдық есепті алған сәтте тауарлық чектердегі сома көрсеткіші _____

Фискальдық есепті алған сәтте есептегіштің көрсеткіші _____

Бақылау-касса аппараты арқылы жиынтық _____ 200__ жылғы "___"

"_____ N _____ -

200__ жылғы "___" _____ N _____

кезеңдерге жүргізілді.

Анықталған тәртіп бұзушылықтар _____

Фискальдық режимді алу жүргізілді:

(фискальдық есепті алған адамның қызметі, аты-жөні) (қолы) _____

Фискальдық режимді есепті алу мыналардың қатысуымен жүргізілді:

(аты-жөні немесе салық төлеушінің өкілі) (қолы) _____